

## **2006 жылы Алматы қаласында Еуропа үшін Дүниежүзілік Туристік Ұйымы комиссиясының 45-ші отырысын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі N 83-ө Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2006 жылғы 24 - 27 сәуір кезеңінде Алматы қаласында Еуропа үшін Дүниежүзілік Туристік Ұйымы комиссиясының 45-ші отырысын (бұдан әрі - Комиссияның отырысы) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Комиссияның отырысын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі және Алматы қаласының әкімі Алматы қаласында Комиссияның отырысын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі берген тізім бойынша шетел азаматтарына - Комиссия отырысына қатысушылар мен оның ресми тұлғаларына визалық қолдау көрсетсін және визалар беруді жүргізсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіпті сақтауды және делегация мүшелерінің әуежайда, болатын, тұратын және іс-шараларды өткізу орындарында қауіпсіздігін, Алматы қаласының халықаралық әуежайында шетел азаматтарын - Комиссия отырысына қатысушыларды тіркеуді қамтамасыз етсін.

6. Алматы қаласының әкімі Алматы қаласының әуежайында Комиссия отырысына қатысушыларды ұйымдастырылған қарсы алуларды және шығарып салуларды өткізу үшін жағдайды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Қазақстан Республикасының қолданыстағы кеден заңнамасына сәйкес Комиссия отырысына қатысушыларды жедел кедендік ресімдеуді жүргізсін.

8. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Комиссияның отырысын дайындау және өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2006 жылғы 4 сәуірдегі  
N 83 - ө өкімімен

бекітілген

**Алматы қаласында Еуропа үшін Дүниежүзілік Туристік Ұйымы  
комиссиясының 45-ші отырысын дайындау және өткізу жөніндегі  
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Досмұхамбетов - Қазақстан Республикасының Туризм және  
Темірхан Мыңайдарұлы спорт министрі, төраға  
Жошыбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Рәпіл Сейітханұлы министрінің орынбасары, төрағаның  
орынбасары

**Ұйымдастыру комитетінің мүшелері :**

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Бауыржан Әлімұлы министрі  
Мамин - Қазақстан Республикасының Көлік және  
Асқар Ұзақбайұлы коммуникация министрі  
Ертісбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет және  
Ермұхамет Қабиденұлы ақпарат министрі  
Қошанов - Қазақстан Республикасы Көлік және  
Ерлан Жақанұлы коммуникация министрлігі Азаматтық  
авиация комитетінің төрағасы  
Шәкіров - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Асқар Оразалыұлы Кедендік бақылау комитетінің төрағасы  
Қоңырбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Уәлихан Сиянбекұлы министрлігі Консулдық қызмет  
департаментінің директоры  
Тасмағамбетов - Алматы қаласының әкімі  
Иманғали Нұрғалиұлы  
Үмбетов - Алматы облысының әкімі  
Серік Әбікенұлы  
Бөкенов - Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары  
Қайрат Ахмадиұлы